

Нұрбекова Ж.А., Жадрин Б.
**Алматы қаласындағы ЖОО
студенттерінің патриоттылығы:
әлеуметтанулық талдау**

Nurbekova Zh.A., Zhadrin B.
**Patriotism of student in
universities: sociological analysis**

Нұрбекова Ж.А., Жадрин Б.
**Патриотизм студентов
вузов Алматы:
социологический анализ**

Мақалада жаңа Қазақстандық патриотизм феноменінің қалыптасуы мен дамуына талдау жасалады. Отанымыз үшін патриоттылықтың маңыздылығы анықталып, оның басты себептері қарастырылады. Мақала авторлары осы әлеуметтік-тарихи құбылыстың генезисін жаңадан орныққан мемлекеттің қалыптасуы және дамуымен байланыстырады. Мақалада мемлекет пен тұлғаның қажеттіліктері мен мүдделері барлық негізгі бағыттар мен қазақстандық қоғам тұтастығының барлық салаларына сәйкес болу керектігі көрсетілген.

Мақалада жаңа қазақстандық патриотизм сенімді болашаққа негізделуі керек екендігі аталып өтіп, онсыз берік мемлекет құру мүмкін еместігі көрсетілген. Басқаша айтқанда, мемлекет пен халық арасындағы бір-біріне деген сенім мен түсіністік жаңа қазақстандық патриотизм идеологиясының қажетті платформасы болып табылады.

Түйін сөздер: патриотизм, Отан, ұлт, жаңа қазақстандық патриотизм, патриотизм мен мемлекет, қоғам, студент, жастар.

In given article it analyzed the formation and development of the phenomenon of new Kazakhstani patriotism. It is defined the meaning of patriotism for our Fatherland. Authors relate the genesis of given social and historical phenomenon to the formation and development of prosperous Kazakhstani state. In the article it is shown that aims of state and every citizen should coincide to the main directions and to all spheres of Kazakhstani society in general.

The high level of patriotic sense is very important for to the prosperity of state in modern time, therefore in the article it was defined the patriotic sense level and value system of Kazakhstan youth. At the same time it was shown the examples of patriotic education of youth from the school time and there were underlined the factors exerted influence on patriotic education.

The meaning of teaching and explain the importance of the concepts like Fatherland, native land, nation, people, state and native people to the school-children is increasing. Because, by giving the importance and definition to these concepts one might generate the love for Fatherland, following the national traditions and respect for state and national symbols and to increase the opportunities of the issues of education. The foundations of the national patriotism are the respect and love for Kazakh state, the confidence and trust in the nation, , political outlook, the respect of every ethnos to the Kazakh people, obedience to its laws, respect to its customs, to acknowledge its achievements, to be proud of it, to consider the limitation of the disadvantages.

The citizens' patriotism is one of the conditions of strengthening the independence and sovereignty of Republic of Kazakhstan in nowadays. In this light the issues of patriotic education is one of the greatest objectives from generation to generation. In the article it was also considered the wisdom words of Baurzhan Momishuli who was one of the brightest persons of our nation and who left his heritage to his generation and shown his love for the Fatherland.

Patriotic sense it is the foundation of the moral education of human being and one of the basic values in the human. Patriotic sense is inherited and one of the saint concepts. National spirit and national patriotism is one of the main properties of nation and the love for the nation. Every individual is linked with his nation by blood, territory, language, economic situation, behaviour, psychological and ethnographic features, established historical traditions.

Key words: patriotism, Fatherland, nation, new Kazakhstani patriotism, state, society, student, youth.

В данной статье осуществляется анализ становления и развития феномена нового казахстанского патриотизма. Определяется ценность патриотизма для нашей Родины. Генезис данного социально-исторического явления авторы статьи связывают со становлением и развитием нового состоявшегося казахстанского государства. В статье показывается, что цели государства и каждого казахстанца должны совпадать по всем основным направлениям и во всех сферах казахстанского общественного целого.

В статье отмечается, что новый казахстанский патриотизм должен быть основан на уверенности в будущем, без которого нельзя построить зрелое полноценное государство. Другими словами, взаимное доверие между государством и народом выступает необходимой платформой новой казахстанской идеологии патриотизма.

Ключевые слова: патриотизм, Родина, нация, новый казахстанский патриотизм, патриотизм и государство, общество, студент, молодежь.

**АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖОО
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ПАТРИОТТЫЛЫҒЫ:
ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ
ТАЛДАУ**

«Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын – анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат»
Қазыбек би

Патриоттылық – еліміздің идеяларына, адамдарына, ұлтына, Отанға, үлкен және шағын отанға байланысты термин. Ол – Отанға деген сүйіспеншілік көрсетілген әлеуметтік сезім, адамгершіліктік және саяси принцип болып табылады. Патриот өзі үшін өмір сүреді және өзі үшін әрекет жасайды, бірақ оның әрекеттері отанының мүдделерімен толығымен байланысты.

Азаматтардың патриоттылығының көрінісі ретінде Отан үшін мақтанышты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік символдарына, рәміздеріне – Туға, Елтаңбаға, Өнұранға деген үлкен сыйлаушылықты айтуға болады. Жоғары дамыған елдерде мемлекеттік рәміздер қалай бағаланатыны бәрімізге белгілі. Рәміздерге деген махаббат Отандағы өмірдің сапасымен қамтамасыздандырылып, қоғамның, мемлекеттің арқасында пайда болады деген тұжым бар. Бұл тұжымды жоққа шығаруға болмайды, бірақ онымен келіскеніміз де дұрыс емес. Мемлекеттік рәміздер біздікі және басқа ешкімдікі емес. Діни философ, публицист, XX ғасырдың ұлы ғұламаларының бірі В.В. Розановтың айтуынша: «Жоғары шарықтаған, күшті әрі жақсы дамып жатқан Отанды сүйген жақсы. Ал сіз әлсіз, қорланған, ауқатсыз Отанды сүйер ме едіңіз?» [1].

Адам бойында патриотизмнің қалыптасуына отбасы, жақын таныстары, білім беру мекемесі, этно-мәдени ортасы, жұмыс істеу ұжымы, әлеуметтік, экономикалық және басқа да айырмашылықтары бар өмір сүру аумағы тікелей әсер етеді. Азаматтардың бойында Отанын қорғау және оған қызмет ету қажеттілігін қалыптастыру барысында Қазақстан үшін дәстүрлі діни конфессиялар үлкен маңызға ие болып табылады. Нәсілдік, ұлттық, діни, халықаралық достық байланысты күшейтудегі патриотизмді қалыптастыру. Отан тарихына жала жабудың алдын алудағы патриотизм. Патриоттылық тәрбие берудің айырылмас бөлігі азаматтардың бойында Отанын қорғауға, конституциялық міндеттерін орындауға деген дайындықты қалыптастыру.

Патриотизм – азаматтардың саналы және өзінің индивидуалды еркіндігімен таңдайтын позициясы. Өз ықпалымен патриотизм барлық ұрпақты, әрбір адамды қамтиды. Патриотизм адамның дүниетанымында, моральдық идеалдарында, мінез-құлық стандарттарында көрініп, оның әрекеттерінде, қызметінде пайда болады. Сонымен қатар патриотизм ұжымдық сезімдерде, бағалауларда, өз халқына деген сезімінде, оның өмір сүру жағдайына, тарихына, мәдениетіне, мемлекетке, негізгі құндылықтар жүйесінде де байқалады. Патриотизм рухани дәстүрлермен тікелей байланысты, сондықтан патриотизмсіз тұлғаның рухани қалыптасуы мүмкін емес деп айтуға болады.

Отанға деген патриотизмнен бөлек адам бойында жергілікті, аймақтық патриотизм болады. Ол туған жеріне, қаласына, ауылына, көшесіне, қызмет ететін мекемесіне, жанына жақын спортобына деген махаббаттан көрінуі мүмкін. Бұл жерде ең бастысы – еліміздің ұлттық патриотизміне ешқашан агрессивтік мінез тән болмаған.

«Саяси түсіндірме сөздігінде» патриотизмге былайша анықтама берген екен: «Патриотизм (грек, *patris* – отан, атамекен) – өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі. Патриотизм мәселелері жаңа мемлекеттердің құрылуы, ұлттың қалыптасуы, ұлт-азаттық қозғалыстар мен соғыстар кезінде ерекше өзектілікке, саяси мәнге ие болады. Бүгінгі күні Патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және жер шарылық ықпалдастық жағдайында өрши түсуде. Шынайы патриотизмді интернационализм мен космополитизмге қарсы қоюға болмайды. Өз халқын басқа ұлттар мен этностарға қарсы қоюға бағытталған патриотизм шынайы емес, ол ұлтшылдыққа және шовинизмге ұласып кетуі оңай. Ал, ұлттық және ұлттық-мемлекеттік нигилизмге негізделген интернационализм мен космополитизм жалпыадамзаттық мүдделер мен құндылықтарға қайшы келеді», – делінген [2].

Тұтастай алғанда қарапайым халық патриоттықты ұлтын сүйумен байланыстырады. Ал оның астарында көптеген алғышарттары жатқанын біреу білсе, біреу біле бермейтін шығар. Шын мәнінде, ол тек ұлтын сүйумен шектелмейтіні белгілі. Онымен қоса, мемлекетін, тілін, дінін, ділін, дәстүр-салтын құметтеумен де байланысты екені ақиқат. Көптеген жетістіктерге жетуге себепкер болған да осы патриотизм десек, жаңылыспаған болар едік. Кезінде Алаш арыстары да ұлтшыл

деп айыпталғанымен, шын мәнінде нағыз патриот болғанын тарих дәлелдеп берді.

Осылайша, патриотизм азаматтық қоғамның маңызды бөлігі болып табылады, ал егер оны бағаламасақ, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени негіздерінің әлсіреуіне алып келеді. Патриоттылық тәрбие беру Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде сәтті дамуына үлкен жәрдем ретінде қарастырылады.

Ертеде патриотизм әскери-патриоттылықпен жиі қосылып кететін. Бұл ұстаным әлі де сақталып отыр. Оған дәлел азаматтарға патриоттылық тәрбие беруге бағытталған түрлі бағдарламалардың мазмұны. Бүгін біз екпінді жалпы азаматтық патриоттылық тәрбиеге аударуымыз қажет. Жалпы жаһандық интеграция жағдайында патриот болу қажет, бірақ бұл әскери-патриоттылық тәрбие беруді жоққа шығармайды [3].

Патриоттылық тәрбие беру – қоғамның заңды әрекеті. Менің ойымша азаматтың патриоттылық сезімі өмірмен, қызметімен бүкіл қоғамдық ұстанымдар арқылы тазаланып қалыптасуы қажет. Бұл міндетті түрдегі іс-шараларды немесе қатысуға тиісті оқу жүйесін еске түсірмеу керек, керісінше, азаматтың әрекеттері өз еркімен әрқашан және барлық жерде саналы түрде жасалуы тиісті. Ал қоғам осы үшін қолайлы жағдайларды туғызып сонымен қатар патриоттылық тәрбие қалыптасу үшін қолайлы алаң құруы қажет.

Отанға деген махаббатты, оған деген мақтаншықты, оны қорғауға әрдайым дайындықты қазіргі таңда мүлде басқа принциптер алмастырып жатыр: «Маған қай жерде жақсы, сол жер Отаным», «Заманауи ашық ақпараттандырылған қоғамда өзіңді әлем азаматы ретінде сезінген маңыздырақ, ал Отан, патриоттылық – бұл түсініктер бүгінгі күні ескірген». Жаһандық қаржылық дағдарыс барысында бұл жағдай одан ары асқынып отыр. Ол ескі мәселелерді қоздырып (қылмыстықтың өсуі, нашақорлық) жаңа проблемаларға алып келеді (мысалы, ертеңгі күнге деген сенімнің жоғалуы, жұмыссыздықтың өсуі, терроризм және т.б.) [4].

Кез-келген мемлекеттің болашағы – оның жастары екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Бірақ бүгінгі таңда жастарды дәстүрлі түрде, біздің қоғамның болашағы ретінде ғана қабылдаған жеткіліксіз. Жастар – бүгінгі күннің ажырамас бөлігі және оны Қазақстанның болашағы үшін жауап беретін заманауи қоғамның органикалық бөлігі ретінде қабылдауымыз қажет. Жастардың даму дәрежесі, оның мәдениеті, біліктілігі ХХІ ғасырдың стратегиялық ресурсы болып табылады. Бұл

ресурстың табиғи ресурстарға және басқа да потенциалға қарағанда маңыздылығы жоғары.

Жоғары оқу орындарында білім алған заманауи жастар жақын болашақта политикалық, экономикалық және ғылыми элитаның негізін қалайтының ұмытпауымыз керек. Сондықтан жастардың тұлғалық бағытталуына, олардың дүниетанымдық қасиеттерінің құрамына және азаматтық жауапкершіліктерінің дәрежесіне қазақстандық қоғамның даму сәттілігі тікелей байланысты болады.

Осындай жағдайларды жастардың рухын қалыптастыру және оларды тәрбиелеудің рөлі мен маңыздылығы арта түседі. Және бұл процестің маңызды басымдылығының бірі жастарды патриоттылық тәрбиелеу, олардың бойында белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру және өзінің және елінің болашағы үшін жауапты болғанын түсіндіру болып табылады.

Жастарды тәрбиелеу қоғамдық-тарихи заңды құбылыс, және оның қоғамның жалпы дамуы мен сақталуына жауап беруін назарға ала отырып, қазақ жастарын патриоттылық тәрбиелеу Қазақстандағы модернизациялық процестердің сәтті болуының негізгі факторы ретінде қарастыру қажет. Осылайша Жастарды патриоттылық тәрбиелеу мәселесі өзекті, және ғылыми-практикалық маңызға ие болып табылады.

Қазақстан егеменді ел ретінде дамып жатқанына үшінші онжылдық болып отыр, соған қарамастан бүгінгі таңда жастардың бойында еліне, ұлтына, Отанға деген қазақи патриоттылықты қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оның себебін «қазақи патриоттылық» феноменінің өзінен, оның құрылу ерекшелігінен іздеген дұрыс. Патриоттылықты еліне деген махаббатты, үлкен сыйластық, елдің болашағына деген жауапкершілікті қосатын мәдени, рухани және әлеуметтік феномен ретінде қабылдай отырып, қазақи патриоттылық ерекше құбылыс екенін ұмытпаған дұрыс. Себебі, бұл жерде сөз Қазақстанның көп ұлтты халқының патриоттылығы жайлы болмақ.

Қиын қыстаулы 90-шы жылдары Қазақстан постмемлекеттік елдердің қателіктерін қайталамағанын айтып өткен дұрыс. Яғни, өз тарихының беделін түсіру, оның кейбір беттерін жоққа шығару, осының бәрі әрине рухани сезімнің азуына, патриоттылық сезімнің құнсыздануына алып келеді. Тіпті мемлекетіміздің өзі соғыс және шаруашылық майданынан қалған естеліктерді ұмытпауға мүмкіндіктер жасауда. Қазақи патриоттылық теориясының дамуына, оның құрылу ерекшеліктеріне үлкен үлес қосқан, «қа-

зақстандықтар», «Қазақстан халқы» ұғымдарын қоғамда негіздеген еліміздің тұңғыш президенті Назарбаев екенін айта кеткеніміз жөн Н.Ә. [5].

Бүгінгі таңда студенттерді тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттері қоғамның объективті қажеттіліктерімен анықталады. Елбасшымыз Қазақстандағы ұлттар Ассамблеясының XX-шы отырысы кезінде айтып өткендей «қазақстандықтардың тарихи санасы топтасуға жұмыс істеумен қатар, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына деген патриоттылық сезімді оятуға жұмыс істеу қажет».

Заманауи әлемде адамдардың бүкіл өмірі толығымен БАҚ тарататын әртүрлі қоғамдық-политикалық ақпараттарға, қарама-қайшылықтарға, құндылық бағыттарға, бағалауларға толтырылған. Осы үлкен ақпараттық толқында өмірлік тәжірибесі жоқ және біліктіліктері аз жас азаматтар үшін өз ойын айту қиынға соғады. Бұл тәрбиенің рөлін арнайы бағыттап, ұйымдастырылған педагогикалық процесс ретінде арттырып, жастардың бойында политикалық, моральдық, эстетикалық, физикалық сапаларды қалыптастыратын, олардың қабілеттері мен рухани күштерін дамытатын іс-шараларды ұйымдастырады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз», – деп, Қазақстан халқының тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерін талдап, саралап, оның ішінде «Қазақстан – 2030» стратегиясының қорытындысын, нәтижелерін, жетістіктерін айтып өткен еді. Дәл қазіргі таңдағы қоғамдық тұрақтылық пен келісімнің арқасында халықаралық аренада таныла бастағанымызды айтқан Елбасы халықтың мерейін өсірді [6].

Осы Жолдаудағы маңызды бағыттардың бірі – жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болғаны баршаға аян. Осыған кеңірек тоқталатын болсақ, дәл қазіргі таңда патриотизмді қалыптастыру мәселесі бұрынғыдан да өткір болып тұр. Себебі, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолына мемлекет басшылары да ерекше ықылас танытып, көңіл бөліп отырғаны анық. Бұл туралы Елбасының соңғы Жолдауында айтылды. Жолдаудың жетінші тармағында «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» екені айтылып, Елбасы өз сөзінде: «Біздің бұл бағыттағы басты мақсатымыз қарапайым және түсінікті: біз қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз.

Бұл – біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты. Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі», – деп атап өтті [7].

Осы орайда жаңа қазақстандық патриотизмге қатысты айтылған Жолдаудағы Елбасының сөздерін мысалға келтіре кетсек, артық болмас деп ойлаймыз. «Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Мемлекеттің басты міндеті де осы. Азаматтар мемлекетке болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады», – дейді Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев. Шын мәнінде, сенім болмаған жерде өркендеу, өсу болмайтыны анық. Кез келген адам өзінің болашағына үлкен үмітпен, сеніммен қарайтыны белгілі. Ал ол үшін қажетті мүмкіндіктердің жасалып, қолға алынып жатқаны, әрине, біз үшін үлкен жетістік. «Мемлекет және халық мұны сезініп, бірлесіп жұмыс істеуге тиіс», – деген Елбасының сөзі де халықты жігерлендіріп, мақсаттандырып тастағаны анық. «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаньш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек». Шынымен патриоттық сезімді ояту туралы бізде аз айтылып жүрген жоқ. Десек те, айтылуы мен орындалуының жөні бір басқа. Сол себепті прагматикалық тұрғыдан қараудың да маңызды екені анық. Қазіргі жастар көбінесе барлық мәселелерді мемлекет шешіп беруі тиіс деп есептейтіні жасырын емес. Сондықтан осыған орай Жолдауда айтылған келесі сөздер дер кезінде айтылған деп білеміз. «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады». Бұл, әрине, қазіргі жастардың көзімен қарағанда өте дұрыс жол. Себебі, бүгінгі жастардың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, арманы, мақсат-мүддесі мүлдем басқа [8].

Егер қазақы патриотизмнің қайнар көзін талдасақ, біздің ұлтқа ол ешқашан жат болмағанына, қайта бесіктегі сәттен бастап ұлттық тәрбиемен бірге бойға дарығанына көз жеткізуге болады. Бағзы ата-бабаларымыз Отанды қорғауда жан-тәнін аямай, патриотизмнің ең озық үлгісін көрсеткен. Себебі, ол табиғаттан, ұлттық тәрбиеден берілген сезім болатын. Қазыбек би: «Атадан жақсы ұл туса, елінің туы болады. Атадан жаман ұл туса, көшінің соңы болады», – деген. Осындай аталы сөздер ғасырлар бойы халқымызды жігерлендіріп, қанына сіңген қасиетке айналған. Біз әлі де осы қасиеттен ажыраған жоқпыз. Алайда ендігі мәселе ұлттық патриотизм үлгісін жаңа қазақстандық патриотизммен ұштастыру, басқа ұлттарға өзіміздің елімізді, жерімізді, ұлтымызды, мемлекетімізді сыйлауына жол, бағыт көрсету болмақ.

Патриотизм феноменін үшке бөліп қарастырған жөн дейді отандық ғалымдар. Ол: мемлекеттік, ұлттық және жеке түрлер. Оның біріншісі бүгінгі таңда аса маңызды саналып отырған – жаңа қазақстандық патриотизм. Бұл елімізде мекен етіп жатқан жүз отызға жуық ұлт пен ұлыстардың елге деген сүйіспеншілігі тұрғысында қарастырылады. Яғни, барлық қазақстандықтар жаңа патриотизмге ден қоюы басты межеге, күн тәртібіндегі мәселеге айналып отыр. Жалпы, кез келген адам патриоттықты бесіктегі шақтан бастап бойға сіңіре бастайды. Бұл жерде отбасылық тәрбиенің де, балабақша мен мектеп, жоғары оқу орындары мен ондағы білім беруші ұстаздардың да үлесі зор. Сондай-ақ, жұмыс істеу барысында қоғамдық ұйымдардың немесе басқа да орталықтардың ықпалы болары сөзсіз.

Егер еліміздің болашақ жастарын Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейміз десек, ең алдымен, қазақ мәдениеті мен өнеріне, мемлекеттік тілге мән бергеніміз жөн. Біздің қақта Отаншылдыққа тәрбиелеудің тамыры тереңде, халық ауыз әдебиетінде – мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерінде, ертегілер мен батырлар жырында, терме және халық әндерінде жатқаны ақиқат. Қақта «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер бір өледі, ез мың өледі» деп, жас ұрпақты елін сүйуге, намысты таптаппауға тәрбиелеген. Ендігі мақсат осындай ұлағатты да даналы сөздерді елімізді мекен етіп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстарға жеткізу, олардың да Отанға деген сүйіспеншілігін ояту болмақ [9].

Әдебиеттер

- 1 Криворученко В. // Журнал Знание. Понимание. Умение. – №3 шығарылым. – 2008.
- 2 Шермаханова Р. Ұлт тағылымы. – 2004.
- 3 Айталы А. Ұлттану: оқу құралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2000.
- 4 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: «Атамұра», 2003.
- 5 Жарықбаев Қ.А. Жалпы психология. – Алматы: «Білім», 2004.
- 6 Шәріпбек А. Стратегия 2050. – 23.08.2013
- 7 Сарсенов А.А. Патриоттылық тәрбие // Қазақстан мектебі. – 2008. – №7.
- 8 Шаймерденов Б. Ертеңіміз жастар // Егемен Қазақстан. – 24.02.2004.
- 9 Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары патриоттық сезімді қалыптастыру // Қазақстан мектебі. – 2006. – №12.

References

- 1 Krivoruchenko V. // Zhurnal Znanie. Ponimanie. Umenie. – №3 shygarylym. – 2008.
- 2 Shermahanova R. Ult tagylymy. – 2004.
- 3 Ajtaly A. Ulttanu: oku kuraly. – Almaty: «Arys» baspasy, 2000.
- 4 Momyshuly B. Ushkan uja. – Almaty: «Atamura», 2003.
- 5 Zharykbaev K.A. Zhalpy psihologija. – Almaty: «Bilim», 2004.
- 6 Sharipbek A. Strategija 2050. – 23.08.2013
- 7 Sarsenov A.A. Patriottylyk tarbie // Kazakstan mektebi. – 2008. – №7.
- 8 Shajmerdenov B. Ertenimiz zhastar // Egemen Kazakstan. – 24.02.2004.
- 9 Zhalpy bilim beretin mekteptin oku bagdarlamalary patriottyk sezimdi kalyptastyru // Kazakstan mektebi. – 2006. – №12.